

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен Өзбекстан Республикасының Бас прокуратуrases жанындағы салық, валюталық қылмыстар мен қылмыстық кірістерді заңдастыруға қарсы күрес бойынша департаменті арасындағы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы әрекеттестік туралы меморандумға қол қою туралы

Меморандум, 2017 жылғы 21 ақпан

(2017 жылғы 21 ақпанда қүшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2017 ж., № 3, 34-күжат)

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен Өзбекстан Республикасының Бас прокуратуrases жанындағы салық, валюталық қылмыстар мен қылмыстық кірістерді заңдастыруға қарсы күрес бойынша департаменті бұдан әрі "Тараптар" деп аталатындар,

қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында тиімді ынтымақтастықта өзара мұдделілікке сүйене отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Тараптар өзара іс-қимылды, оның ішінде оларға қатысты қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) және терроризмді қаржыландырумен немесе онымен байланысты қылмыстық қызметпен байланысы бар деген күдік болған ақпаратты жинау, өңдеу және талдау сатыларында ақпарат алмасуды, сондай-ақ осы операцияларды жасауда қатысатын жеке және заңды тұлғалардың қызметі туралы ақпарат алмасу бойынша ұлттық заңнамалары мен халықаралық міндеттемелері шеңберінде өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

## 2-бап

1. Ақпарат алмасу Тараптардың бастамасымен немесе сұрау салуларының негізінде жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

2. Сұрау салу мыналарды:

- 1) сұрау салатын Тараптың атауын;
- 2) сұрау салынатын Тараптың атауы;
- 3) жүргізіліп жатқан тергеудің қысқаша мазмұны;

- 4) осы Меморандумға сәйкес сұрау салу негіздері (сұрау салатын Тарап мәнінің сұрау салуды шүғыл деп санаса, онда ол мұндай шүғылдықтың қажеттілігін негіздеуі тиіс);
- 5) сұрау салынған ақпараттың мазмұнының сипаттамасы;
- 6) алынған ақпаратты пайдалану мақсаты;
- 7) сұрау салуды орындау үшін қажет басқа да ақпарат.

### **3-бап**

1. Егер сұрау салуды орындау сұрау салынатын Тарап мемлекетінің егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе басқа мұдделеріне залал келтіретін болса, сұрау салынатын Тарап мемлекетінің заңнамасына және (немесе) халықаралық міндеттемелеріне қайшы келсе, сондай-ақ егер сұрау салуда көрсетілген фактілер бойынша сұрау салынатын Тарап мемлекетінде сот талқылауы жүріп жатса, оны орындаудан толығымен немесе ішінара бас тартылуы мүмкін.

2. Егер сұрау салынатын Тарап сұрау салуды орындаудан бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бұл туралы мұндай шешім қабылдау себептерін көрсете отырып, сұрау салатын Тарапты хабардар етеді.

### **4-бап**

1. Осы Меморандум шенберінде алынған ақпарат, оны беріп отырған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ол сұратылған және берілген мақсаттан өзге мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін емес.

2. Осы Меморандум шенберінде алынған ақпарат немесе құжаттар сұрау салынатын Тараптың алдын ала жазбаша рұқсатынсыз үшінші тараптарға жария етілмейді және әкімшілік, тергеу, қылмыстық немесе сот мақсаттарында пайдаланылмайды.

3. Осы Меморандум шенберінде алынған ақпараттар қупия болып табылады және оған ұлттық көздерден осыған ұқсас ақпаратқа қатысты алушы сұрау салынған Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасында көзделген қорғау режимі қолданылады.

### **5-бап**

Осы Меморандум шенберінде Тараптар арасындағы өзара іс-қимыл мен ақпарат алmasу орыс немесе ағылшын тілдерінде жүзеге асырылады.

### **6-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша, осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын және қол қойылған күннен бастап күшіне енетін жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **7-бап**

Осы Меморандумның ережелері Тараптар қатысушыларының мемлекеттері болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

## **8-бап**

Осы Меморандум қол қойылғаннан кейін күшіне енеді және Тараптардың біреуі екінші Тараптан осы Меморандумды бұзу ниеті туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап бір ай өткен соң бұзылған болып табылады. Осы Меморандумға сәйкес алынған ақпаратты қорғау бойынша 4-бапта белгіленген талаптар осы Меморандум бұзылғаннан кейін де занды күші сақталып қалады.

Париж қаласында 2017 жылы 21 ақпанда екі тұпнұсқа данада, әрқайсысы тентүпнұсқа мәтін қазақ, өзбек және орыс тілдерінде жасалды.

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруге және (немесе) қолдануға қатысты келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтініне жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасы  
Каржы министрлігі үшін*

*қылмыстық кірістерді зандастыруға  
карсы күрес бойынша департаменті  
үшін*

*Өзбекстан Республикасының  
прокуратурасы жанындағысалық,  
валюталық қылмыстар мен*

*(Колдары)*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК